

## **"Қазақстан Республикасының биотехнология жөніндегі Ұлттық орталығының қызметін қамтамасыз ету шаралары туралы"**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 16 қараша 1993 ж. N 1140

Қазақстан Республикасы Президентінің "Республиканың ғылымын ұйымдастыруды жетілдіру мен ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 21-ші қаңтардағы N 1090 U931090\_ жарлығын (Қазақстан Республикасының ПУАЖ 1993 ж., N 1, 12-бап) орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Биотехнология жөніндегі ұлттық орталығы (бұдан әрі - Ұлттық орталық) Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына ведомстволық бағынысты кешенді ғылыми-техникалық бірлестік болып табылады деп белгіленсін. < \* >

Ұлттық орталықтың дербес балансы, есеп шоты және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген қазақ және орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі болады.

Ұлттық орталықтың Бас дирекциясының орналасатын жері Ақмола облысындағы Степногорск қаласы болып белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 1-абзацы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.12.28. N 1668 қаулысымен. P961668\_

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің, Ауыл шаруашылық министрлігінің және Денсаулық сақтау министрлігінің Ұлттық орталықтың құрамына дербес заңды ұйым құқығымен мына институттар мен кәсіпорындарды енгізу жөніндегі ұсынысы қабылданын, бұлар:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының М.Ә.Айтқожин атындағы Молекулярлық биология және биохимия институты (Алматы қаласы);

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Жамбыл облысы, Гвардейский поселкісі);

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Алматы биокөбинаты;

"Прогресс" өндірістік бірлестігі (Степногорск қаласы);

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Биомедпрепарат" Қазақстан ғылыми өндірістік кешені (Степногорск қаласы).

3. Ұлттық орталық құрамында Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясымен, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен;

Денсаулық сақтау министрлігімен, Білім беру министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісілген:

- Степногорск қаласында Медицина-биология институтын (жоғары оқу орны);  
- Алматы қаласында Өсімдіктер физиологиясы, генетикасы және биоинженериясы институтын құру жөніндегі ұсынысы қабылдансын:

Өсімдіктердің физиологиясы, генетика және биоинженерия институты ғылыми қызметінің негізгі бағыттары мыналар:

ауылшаруашылық дақылдары селекциясының генетикалық базисін кеңейту мен жоғары өнімді сорттарын шығару үшін биоинженерлік тәсілмен өсімдіктердің бағалы белгісі бар принципті жаңа түрлерін жеделдете шығару;

микрклональды көбеюдің тиімділігі жоғары биотехнологиясын және сауықтырылған көшеттер өндірісін және экономикалық маңызы зор әрі бірегей өсімдіктердің гермоплазмасын ұзақ уақыт сақтау тәсілдерін әзірлеу;

жоғары өнімділікті және ортаның ауытқымалы факторларына, дерттерге, зиянкестерге төзімділікті қамтамасыз ететін физиологиялық және генетикалық тетіктерді зерттеу және соның негізінде ауыл шаруашылығы дақылдары селекциясының әдістерін, күтіп баптаудың тәсілдерін жетілдіру;

биологиялық ұтқыр заттардың, оның ішінде биопестицидтерді, өсімдіктердің өсу, жетілу және тұрақтану реттеуіштерін алу мен қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу болып белгіленсін.

Степногорск қаласындағы фармацевтикалық биотехнология институты.

Ескерту. 3-тармақтың 9-абзацындағы "Алматы қаласы" "Степногорск қаласы" сөзімен алмастырылды. (ҚРМК-нің 1994 ж. 13 шілдедегі N 787 қаулысы бойынша).

Фармацевтикалық биотехнология институтының ғылыми қызметінің негізгі бағыттары мыналар:

дәрі-дәрмек дайындауға негіз болатын жаңа биологиялық ұтқыр қоспалардың құрылымын және функцияларын пайымдау;

биологиялық ұтқыр қоспалардың молекулаға, торшаға және тінге әсерінің тетігі мен берілісін пайымдау;

биологиялық ұтқыр қоспалар скринингінің молекулярлық-биологиялық, физиологиялық және биосенсорлық жүйесін жасау, дәрі-дәрмек препараттарын емдік қолдануға дейін сынақтан өткізу және сертификациялау;

дәрі-дәрмек және вакциналық препараттарды бөліп алу, тазалау және өндірудің физико-химиялық және технологиялық процесстерін әзірлеу болып белгіленсін.

4. "Биотехнология мен ген инженериясы әдістерін медицинада, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте пайдалану" атты Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаның негізі тапсырмалары мен көрсеткіштері бекітілсін. Ғылым және жаңа технологиялар министрлігіне осы бағдарламаны кең ауқымда бекітіп, оны 1993 жылдан

бастап мақсатты қаржыландыру тапсырылсын.

## 5. Ұлттық орталыққа:

- "Биотехнология және гендік инженерия әдістерін медицинада, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте қолдану" жөніндегі республикалық нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламаның ұйымдастырылуы үшін басты ұйымның міндеті мен жауапкершілігі;

- медицина, ауыл шаруашылығына және өнеркәсіпке арналған импорттық өнімдерді алмастыратын тиімділігі жоғары биотехнологиялық процесстер мен кең ауқымды өндірістер жасау;

- биоинженерия әдістерінің негізінде бағалы белгісі бар өсімдіктердің, жануарлар мен микроорганизмдердің жаңа тұқымдарын жеделдете шығару;

- бағалы өсімдік сорттары мен жануарлар тұқымдарының көбею мен сауығуының тиімділігі жоғары әдістерін әзірлеп енгізу;

- адамдардың, жануарлар мен өсімдіктердің арасында кең тараған қатерлі ауруларының алдын алу мен емдеуге арналған тиімділігі жоғары жаңа диагностикумдарды, вакциналар мен препараттарды жасау;

- биотехнологиялық өндіріске конверсия жүргізу;

- биотехнологияның басым бағыттарына жоғары білікті ғылыми және ғылыми-өндірістік мамандар даярлау және қамтамасыз ету;

- ғылыми және ғылыми өндірістік ынтымақтастықта тікелей халықаралық байланыстар орнату жүктелсін.

6. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі 1993 жылдан бастап Ұлттық орталықты ғылымды қаржыландыру үшін көзделген бюджеттегі қаражаттың есебінен "Биотехнология мен гендік инженерия әдістерін медицина, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіпте пайдалану" жөніндегі Республикалық ғылыми-техникалық бағдарламаны орындауға қажетті мөлшерде нысаналы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

Сонымен қатар Ұлттық орталықты қаржыландыру өз өнімдері мен әзірлемелерін сатудан түскен қаржының; кредиттердің, орталықтың қызметіне мүдделі министрліктердің, ведомстволардың, концерндердің, акционерлік бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржылары, республикалық және халықаралық қорлар мен шетелдік инвестициялар есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

7. Ұлттық Орталыққа жоғары білікті мамандарды тарту мен тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының еңбек министрлігі мен Ұлттық ғылым академиясымен, Ғылым және жаңа технология министрлігімен келісе отырып, 3 ай мерзімнің ішінде Ұлттық Орталық қызметкерлері үшін сараланған салалық коэффициент пен лауазымдық жалақысына және тарифтік ставкаларына, ерекше еңбек жағдайы, залалды және қатерлі жұмыс сипаты ескеріліп үстеме ақы, аудандық және басқа да коэффициенттер белгілеу жөнінде ұсыныстар әзірлеп, Қазақстан

Республикасының Министрлер Кабинетінің бекітуіне енгізісін.

8. Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігі тікелей шарттар бойынша Ұлттық Орталықты қажетті телефон, телекс байланысымен және электронды почтамен  
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

9. Ұлттық Орталыққа қызмет бабындағы екі жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК